

## Қазақстан Республикасының 1-ші Жастар спорт ойындарын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 16 қарашадағы N 340-ө  
Өкімі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.6.3-тармағына сәйкес:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің 2005 жылғы сәуір-мамырда Қазақстан Республикасының 1-ші Жастар спорт ойындарын ( бұдан әрі - Жастар ойындары) өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған Жастар ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі:

1) Оңтүстік Қазақстан облысының әкімімен бірлесіп, 2005 жылғы 23 сәуірде Шымкент қаласында Жастар ойындарының салтанатты ашылу рәсімін өткізуді;

2) Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен бірлесіп, 2005 жылғы сәуір-мамырда Шымкент және Тараз қалаларында Жастар ойындарының ақтық жарыстарын өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жарыстардың бірінші және екінші кезеңдерін өткізуді, облыстар, Астана және Алматы қалалары құрама командаларының Жастар ойындарының салтанатты ашылу рәсіміне және ақтық жарыстарына дайындалуы мен қатысуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жастар ойындарының ашылу рәсімі, жарыстар өтетін және қатысушылар тұратын орындарда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Жастар ойындарына қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мектеп жасындағы спортшылардың Жастар ойындарына қатысуына жәрдем көрсетсін.

8. Жастар ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 2005 жылға арналған республикалық бюджетте осы іс-шаралардың орындалуына жауапты тиісті бағдарламалардың әкімшілері - мемлекеттік мекемелерге көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылсын.

9. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2004 жылғы 16 қарашадағы  
N 340 өкімімен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының 1-ші Жастар спорт ойындарын  
дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің  
құрамы**

Тұрлыханов - Қазақстан Республикасы Мәдениет,  
Дәулет Болатұлы ақпарат және спорт министрлігі Спорт  
істері комитетінің төрағасы, төраға

Жылқышиев - Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі,  
Болат Әбжапарұлы орынбасар

Жексенбин - Жамбыл облысының әкімі, орынбасар

Бөрібай Бикожаұлы

Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі  
Иван Иванович істер бірінші вице-министрі

Берсімбаев - Қазақстан Республикасының Білім  
Рахметқажы Ескендірұлы және ғылым вице-министрі

Досжан - Қазақстан Республикасының  
Ардақ Дүкенбайұлы Мәдениет, ақпарат және спорт вице-  
министрі

Диқанбаева - Қазақстан Республикасының  
Сәуле Әлкейқызы Денсаулық сақтау вице-министрі

Тәжібай - Қазақстан Республикасы Мәдениет,  
Бақытбек ақпарат және спорт министрлігінің  
Спорт істері комитеті төрағасының  
бірінші орынбасары

Қанағатов - Қазақстан Республикасы Мәдениет,  
Елсияр Баймұхамедұлы ақпарат және спорт министрлігінің  
Спорт істері комитеті төрағасының  
орынбасары

Гуськов - Қазақстан Республикасы Мәдениет,  
Юрий Петрович ақпарат және спорт министрлігі Спорт  
істері комитетінің жоғары жетістіктер  
спорты және спорттық резерв  
басқармасының бастығы

Төкеев  
Серік Адамұлы

- Қазақстан Республикасы Мәдениет,  
ақпарат және спорт министрлігі  
Спорт істері комитетінің штаттық  
ұлттық командалар және спорттық  
резерв дирекциясының басшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК